

### **Дәріс 3. Қазақстанда шаңғы спортының дамуы және халықаралық жарыстардағы жетістіктері.**

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Қазақстанда шаңғы спортының қалыптасу және даму кезеңдері. Қазақстан спортшыларының халықаралық жарыстарға қатысуы. Қысқы Олимпиада ойындары, Әлем және Азия чемпионаттарындағы жетістіктері?
2. 2011 жылы Алматы мен Астана қаласында өткен қысқы Азия ойындарының Қазақстан қысқы спортының дамуына әсері?
3. 2017 жылы Алматыда өткен қысқы Дүниежүзілік Универсиаданың Қазақстан қысқы спортының дамуына әсері?

Қазақстандағы шаңғы спортының дамуы Кеңес Одағымен тікелей байланысты. 1934-1935 жылдары алғашқы спорт мектептері ашылады.

Шаңғы жарысынан алғашқы Бүкілқазақстандық жарыс 1934 жылдың ақпан айында Петропавловск қаласында өтті. Әйелдер арасында 3 шақырым қашықтықта Г.Гершунова (Қарағанды) жеңімпаз атанды. 5 шақырым қашықтықта Воронцова (Ақтөбе) 10 және 30 шақырым қашықтықта В.Голубенко (Қарағанды) жеңіске жетті.

1938 жылдан бастап Қазақстан біріншілігі ауыл спортшылары арасында өткізіле бастады.

1940-1960 жылдары Д.Мартюшин, Л.Мамеев, Г.Винникова (Филимонова), М.Гурьянова, М.Бледных (Швецова), В.Филимонов, А.Гурьянов, Т.Малиновская, Е.Малиновский, Л.Килязова Қазақстанның үздік шаңғышыларының қатарында болды.

1947 жылы КСРО чемпионатында 3x5 әйелдер эстафетасында алғаш рет Қазақстан 6-шы орынды иеленді және 20 жасқа дейінгі қыздар арасында 10 команданың арасында 6-шы орынға ие болды.

Кейінгі 20 жылдан аса уақытта Қазақстан шаңғышылары Бүкілодақтық жарыстарда жоғары орындарға қол жеткізе алмады. Алғашқы жеңіс 1970 жылы жастар арасында Магнитогорскте өткізілген Кеңес Одағының біріншілігінде Лениногорскінің тумасы А.Суслов 15 және 20 шақырымда 2, бірінші орынға ие болды. Жарысқа 70-тен аса шаңғышылар қатысты.

1971 жылы Сібір мерекесінде бірінші рет Рудный қаласының шаңғышысы И.Гаранин көзге түсіп 50 шақырым қашықтықта бірінші орынды және 10 күннен соң Кандлакше қаласында Кеңес Одағының чемпионатында 70 шақырым қашықтықта В.Воронковтан кейін екінші көрсеткішке қол жеткізді. Жарыс қорытындылары бойынша Кеңес Одағының құрама командасына шақырылды. И.Гаранин Кеңес Одағының чемпионатындағы ең ұзақ қашықтықты 70 шақырымды төрт рет жеңіп алды. Сонымен қатар, әлем және Олимпиада ойындарына қатысты (1972 жылы Саппоро және 1976 ж. Зефельдте) 30 шақырымда және 4x10 шақырым эстафетада қола медальді жеңіп алды. 1977 жылы Кеңес Одағының

шаңғышылары арасында бірінші болып Швецияда өткен 85 шақырым қашықтыққа «Корольдер жарысы» атты турнирді жеңіп алды. Кейінгі жылдарда Батыс Еуропадағы марафон жарыстарында да сәтті өнер көрсетті.

1974 жылы Кеңес Одағының халықтары спартакиадасында Қазақстан шаңғышылары 6-орын алып, жақсы өнер көрсетті. А.Суслов 15 шақырымда 8 орын, 30 шақырымда 5-орын иеленді. Алғаш рет Щучинск қаласының шаңғышысы С.Бочанова көзге түсті, ол жастар арасында 15 шақырым қашықтықта 5-орын алды.

1975 жылы Кеңес Одағының чемпионатында Қазақстан жалпы командалық 5-орынға ие болды. Жекелей жарыста И.Гаранин мен А.Суслов жақсы көрсеткіштермен көзге түсті. Жастар командасы 2-ші орынға ие болады.

1976 жылы Кеңес Одағы біріншілігінде И.Гаранин мен А.Суслов жақсы өнер көрсетті. Қазақстан жастар командасы 3-орын, жасөспірімдер командасы алғаш рет 1-орынға қол жеткізді. Щучинск қаласының спортшысы С.Тишков 3x10 шақырым эстафетасында жеңімпаздар қатарында болды.

1977 жылы С.Бочанов 70 шақырым қашықтықта мәре сызығына 5-ші болып келді. Жастар арасында Өскемен қаласының спортшысы П.Черепанов 4x10 шақырым қашықтықта «Локомотив» ДСО құрама сапында 1-орынға қол жеткізеді. Сол жылы жасөспірімдер Қазақстан құрама командасы КСРО біріншілігінде III-орын иеленіп, С.Тишков 15 шақырым қашықтықта 1-орын және 4x10 шақырым эстафетада II-орын алды.

1978 жылы IV-ші КСРО Халықтар Спартакиадасында А.Одноворцев ерлер арасында (30 және 50 шақырым қашықтықта VI және VIII) орындармен аяқтады. Жастар арасында 15 шақырымда С.Тишков VI-орын иеленді.

1979 жылы ерлер арасында КСРО чемпионатында А.Одноворцев 50 және 70 шақырым қашықтықты X және VI-шы орындармен аяқтады.

Жастар арасында С.Тишков 20 шақырымда III-орын алды. Жасөспірімдер арасында Қазақстан құрама командасы III-орын иеленді. Алғаш рет 10 шақырым қашықтықта Щучинск қаласының спортшысы В.Смирнов III-орынды жеңіп алды.

Келесі жылдары В.Смирнов жасөспірімдер және жастар арасында бірнеше рет КСРО біріншілігінің жеңімпазы атанды. В.Смирнов КСРО құрама командасымен бірнеше рет Әлем жеңімпазы және Олимпиада жүлдегері атанды.

1980 жылы Красноярск қаласында КСРО біріншілігінде С.Тишков 30 шақырым қашықтықта 10-шы орынмен аяқтайды. 1981 жылы С.Тишков 15 шақырым қашықтықта VII-орын алады. Жастар арасында Щучинск спортшысы В.Сахнов I-орын иеленді.

1981 жылы алғаш рет КСРО біріншілігінде қыздар арасында Өскемен қаласының спортшысы Л.Акцизова III-орынға ие болады. 1982 жылы Красноярскде V-ші КСРО Халықтарының спартакиадасы өткізілді. Бұл спартакиадада ерлер арасында В.Сахнов, ал жастар арасында Қостанай қаласының спортшысы И.Медведь жеңімпаз атанды.

1982 жылы В.Смирнов 10 және 15 шақырым қашықтықта және жастар арасында әлем біріншілігінің эстафетасында III-орын иеленді.

1983 жылы КСРО біріншілігінде В.Сахнов 15 және 50 шақырым қашықтықта VI және III-орын алды, ал, жасөспірімдер арасында Қостанай қаласының спортшысы Л.Турчин 10 шақырым қашықтықта жеңімпаз атанды.

1984 жылы КСРО біріншілігінде жоғарғы көрсеткішке қол жеткізіп В.Сахнов 30 шақырымда IV-орын және 50 шақырымда I-орын жеңіп алды. Жастар арасында Л.Турчин (Қостанай) екі рет 15 және 20 шақырым қашықтықта IV-орынға ие болды. Жасөспірімдер арасында 10 шақырым қашықтықта Щучинск қаласының спортшысы Ф.Волков 2-орынға ие болды. Жастар арасында В.Смирнов 15 және 20 шақырымда I-орын иеленді. Қазақстан тарихында КСРО чемпионатының 4x10 шақырым эстафетасында Қазақстан құрамасы Ресейден кейін (Ю.Тарасов, Ю.Ткаченко, Л.Турчин, В.Смирнов) 2-орынға ие болды.

1985 жылы жастар арасындағы Әлем чемпионатында Л.Турчин 15 шақырым қашықтықта I-ші орын алады, Л.Турчин, Ю.Тарасов, Г.Лазутин 3x10 шақырым эстафетада I-орынға ие болады. Л.Турчин 1987 жылы 70 шақырым қашықтықта КСРО чемпионы атанып, еліміздің мәртебесін биікке көтерді.

1987 жылы Италияда өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында Нагамбаев Калихан 30 шақырымда және 3x10 шақырым эстафетасында I-орынға ие болды. Сол жылы спорт шебері В.Малышев (Қостанай) жасөспірімдер арасында КСРО жеңімпазы атанып, 1988 жылы Бүкілодақтық жастар ойынында күміс жүлдег ие болды.

Спорт шебері И.Ярема (Қостанай) «Достық-88» Халықаралық жарысында 10 шақырым қашықтықта және эстафетада күміс жүлде алды және «Жастар ойыны - 89» жарысында жеңімпаз атанды. Спорт шебері Қостанайлық Черных Игорь 10 шақырым қашықтықта классикалық стильде 1989 жылы жасөспірімдер арасында КСРО жеңімпазы атанды.

Өскемендік С.Папертний 1992 жылы 50 шақырым қашықтықта ҚР чемпионы, 1990 жылы 15 шақырымда жастар арасында Әлем біріншілігінде жекелей жарыста және 4x10 шақырым эстафетада күміс жүлдегер атанды. 1991 жылы С.Папертний (Қостанай) 15 шақырым қашықтықта еркін стилде жасөспірімдер арасында КСРО біріншілігін жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет ретінде тарихта алғаш рет қысқы Олимпиада ойындарына 1994 жылы Лиллехаммерде (Норвегия) қатысты. Бұл Олимпиада ойыны Қазақстан қоржынына бірінші тарихи алтын медальін әкелді. Алтын медальді жеңіп алған атақты Қазақстан шаңғышысы Владимир Смирнов. Ол алтыннан бөлек тағы екі күміс медальға қол жеткізді. Сол күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Владимирға құттықтау хатын жіберді.

Бұл құттықтау хатында Смирновты және барлық жаттықтырушыларды жас мемлекетімізді Олимпиадалық жеңісімен құттықтады. Біздің еліміздің намысын осы ойында 8 спорт түрінен 28 спортшы қорғады.

Қайрат Биекенов Лиллехамер Олимпиаданың ашылу салтанатында Қазақстанның жалауын бірінші болып желбіретіп ұстап шықты. 1998 жылы қысқы Олимпиада ойындары Наганода (Жапония) өтті. 15 шақырым кашықтықта атақты шаңғышы В.Смирнов және коньки спортынан 5000 метр кашықтықта Людмила Прокашева екеуі қос қола медальді жеңіп алды.

Осы қысқы Олимпиада ойындарына Қазақстан намысын 8 спорт түрінен 80 спортшы қорғады. Наганода туымызды атақты шаңғышы В.Смирнов көтеріп шықты. 2002 жылы қысқы Олимпиада ойындары Солт-Лейк-Сити (АҚШ) өтті. Бұл Қазақстан спортшыларының сәтсіз өнер көрсеткен Олимпиада ойыны болды.

Қазақстан спортшылары ешқандай медальға қол жеткізе алмады. 2006 жылы қысқы Олимпиада ойындары Италияның Турин қаласында өткізілді. Осы Олимпиада ойындары Қазақстан спортшылары үшін сәтсіз аяқталды. Қазақстан қоржынына ешқандай медаль түспеді. Туринде өткен XX-қысқы Олимпиада ойынына Қазақстан құрамасынан (биатлон, тау шаңғы спорты, коньки спорты, шаңғы жарысы, трамплиннен секіру, фристайл және хоккейден) барлығы 67 спортшы қатысты.

Туриндегі XX-қысқы Олимпиада ойынына Қазақстан ұлттық құрамасын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Дене шынықтыру және спорт істері комитетінің төрағасы, делегация жетекшісі Д.Тұрлыханов бастап барды. Қазақстан жалауын сол ойындарда хоккейші А.Корешков ұстап шықты.

Қазақстан Үкіметі осы жарыста алтын алған спортшыға сыйақы есебінде 200 мың АҚШ долларын таға йындады. Бұл сыйақы Олимпиада ойындарына қатысушы басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары еді.

2010 жылы XXI-ші қысқы Олимпиада ойындары Ванкуверде (Канада) өтілді. Бұл Олимпиадада Қазақстан намысын 8 спорт түрінен 37 спортшы қорғады. Бұл Олимпиада ойындарында Қазақстан спортшыларының ішінде биатлоншы Елена Хрусталева жекелей шаңғы жарысында күміс медальді жеңіп алды. Спринтте Елена бесінші көрсеткішке қол жеткізді. Ванкувер олимпиадасының ашылу салтанатында Қазақстан жалауын биатлоншы Диас Кенешов желбіретіп шықты.

2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен XXII-ші қысқы ойындарда мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен қос бағдарлама бойынша 255,1 ұпай жинап, Қазақстан қоржынына қола жүлдені салды. Басқа спортшыларға жүлде бұйырмады.

2018 жылы Пхенчхандағы XXIII-ші қысқы Олимпиадаға 46 спортшы апарған Қазақстан бір қола медальмен жалпы есепте 28-орын алды. Бір коланы фристайлдың могул түрінен [Юлия Галышева иеленді](#). ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің (ҰОК) «Сочидегі жетістікті қайталау» жоспары орындалды.

Бірақ Пхенчхан Олимпиадасының алдында Қазақстандық шаңғышы Алексей Полторанин мен Дмитрий Рейхердтің жүлде алатынына сенімді болған. Олимпиада алдындағы жарыстарда тұрақты түрде жүлде алып жүрген екеуі де Пхенчханда үштікке ене алмады.

Сочиде қола алған мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен Пхенчханда 26-орын алып, негізгі бағдарламаға өте алмай қалды.

2022 жылы XXIV-ші Бейжінде өткен қысқы Олимпиадаға Қазақстан спортшылары қатысып жүлдесіз оралды.

1996 жылы Қазақстан спортшылары алғашқы рет қысқы Азия ойындарына Харбинде (Қытай) өнер көрсетті. Осы жарысқа Қазақстан құрамасы 137 спортшымен қатысып 14 алтын, 9 күміс, 8 қола медаль жеңіп жалпы командалық есепте 2-ші орынға тұрақтады.

Азия ойындарының алтынын конькиші Людмила Прокашева (1500, 3000 м), Валерий Иванов (биатлон 20 шақырым), Дмитрий Пантов (биатлон 10 шақырым), Инна Шешкиль (биатлон 15-7,5 шақырым) Павел Рябинен (шаңғы жарысы 10-15 шақырым) Оксана Яцкая (шаңғы жарысы 5 шақырым), Б.Стекольников, Д.Казарлыта (мәнелеп сырғанау), Ольга Ведящева (таушаңғы спорты), С.Мусин, А.Невзоров, В.Борцов, П.Рябинен (эстафеталық жарыс), В.Иванов, Д.Пантов, С.Абдикеримов, М.Лепешкин (эстафеталық биатлон) және шайбалы хоккейден ерлер құрамасы жеңіп алды.

1999 жылы Конгвон (Оңтүстік Корея) қаласында 4-ші қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстан спортшылары бұл ойында 25 медаль жеңіп алды. Қоржында 10 алтын, 8 күміс, 7 қола. Жалпы командалық есепте Қытай мен Оңтүстік Кореядан кейінгі 3-орынға жайғасты.

2001 жылы Жапонияның Осака қаласында 3-ші Шығыс Азия ойындары өтілді. Қазақстан құрама командасының сапында 170 спортшы өнер көрсетті. Қазақстан спортшылары 13 алтын, 18 күміс, 26 қола медальды жеңіп алып, жалпы командалық есепте 4-ші орынды иеленді. Ойын қорытындысы бойынша үздік үштікті Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея командалары иеленді. 2003 жылы Жапонияның Аоморо қаласында өткен қысқы Азия ойындарында Қазақстан намысын 91 спортшы қорғады. Жарыс қорытындысы бойынша біздің спортшылар 7 алтын, 7 күміс, 6 қола медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте 4-ші орынға тұрақтады.

2007 жылы Қытайда өткен 6-шы қысқы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары 6 алтын, 6 күміс, 6 қола медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте 4-орынды иеленді. Азия чемпиондары: Александр Червяков (биатлон), Оксана Яцкая (шаңғы жарысы), Максим Однодворцев (шаңғы жарысы) шаңғы жарысынан ерлер құрама командасы (эстафета), шаңғы жарысынан әйелдер құрама командасы (эстафета) Шайбалы хоккейден әйелдер құрама командасы.

2011 жылы қысқы Азиада Қазақстанда өтті. Астана мен Алматы қалаларында өткен жарыста біздің спортшыларымыз 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медаль жеңіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

2017 жылы қысқы Азиада Жапонияның Саппаро қаласында өткізілді. Қазақстан құрамасының туын шаңғы жарысынан бес дүркін Қазақстан чемпионы Ердос Ахмадиев ұстап шықты. Бұл бәсі биік додаға еліміздің намысын 153 қорғады. Қазақстан спортшылары қысқы Азиада ойындарында [32 медальмен](#) жалпы командалық есепте Жапония, Оңтүстік Корея және

Қытайдан кейін төртінші орынды иеленді. Оның 9-ы алтын, 11-і күміс, 12-сі қола медаль.

Қазақстан Республикасы қысқы Азиада ойындарына 1996 жылдан бастап Тәуелсіз ел ретінде қатысып келеді. Төмендегі 1,2,3-кестелерде Қазақстан құрамасының қысқы Азиада бойынша жетістіктері, қысқы Азиада тарихы бойынша барлық медальдар есебі, Азия құрлығы бойынша өткізілетін жарыстар туралы мәліметтер көрсетілген

**Кесте-1. Қазақстан құрама командасының қысқы Азиада бойынша жетістіктері.**

| Жыл  | Ойындар     | Өткізген қала                   | 1-ші орын | 2-ші орын          | 3-ші орын          |
|------|-------------|---------------------------------|-----------|--------------------|--------------------|
| 1986 | <u>I</u>    | <a href="#">Саппоро</a>         | Жапония   | Қытай              | Корея Республикасы |
| 1990 | <u>II</u>   | <a href="#">Саппоро</a>         | Жапония   | Қытай              | Корея Республикасы |
| 1996 | <u>III</u>  | <a href="#">Харбин</a>          | Қытай     | Қазақстан          | Жапония            |
| 1999 | <u>IV</u>   | <a href="#">Ганвон</a>          | Қытай     | Корея Республикасы | Қазақстан          |
| 2003 | <u>V</u>    | <a href="#">Аомори</a>          | Жапония   | Корея Республикасы | Қытай              |
| 2007 | <u>VI</u>   | <a href="#">Чаңчун</a>          | Қытай     | Жапония            | Корея Республикасы |
| 2011 | <u>VII</u>  | <a href="#">Астана - Алматы</a> | Қазақстан | Жапония            | Корея Республикасы |
| 2017 | <u>VIII</u> | <a href="#">Саппоро</a>         | Жапония   | Корея Республикасы | Қытай              |
| 2021 | <u>IX</u>   |                                 |           |                    |                    |

**Кесте-2. Қазақстан құрамасының қысқы Азиада тарихы бойынша барлық медальдар есебі.**

| Мемлекет                              | Ойындар | Алтын | Күміс | Қола |
|---------------------------------------|---------|-------|-------|------|
| <a href="#">Жапония</a> (JPN)         | 8       | 138   | 144   | 115  |
| <a href="#">Қытай</a> (CHN)           | 8       | 94    | 85    | 105  |
| <a href="#">Қазақстан</a> (KAZ)       | 6       | 78    | 62    | 56   |
| <a href="#">Оңтүстік Корея</a> (KOR)  | 8       | 74    | 83    | 92   |
| <a href="#">Солтүстік Корея</a> (PRK) | 6       | 1     | 4     | 12   |
| <a href="#">Өзбекстан</a> (UZB)       | 6       | 1     | 2     | 4    |
| <a href="#">Ливан</a> (LIB)           | 5       | 1     | 1     | 0    |
| <a href="#">Моңғолия</a> (MGL)        | 8       | 0     | 1     | 6    |
| <a href="#">Иран</a> (IRI)            | 6       | 0     | 1     | 2    |
| <a href="#">Қырғызстан</a> (KGZ)      | 5       | 0     | 0     | 1    |

| Мемлекет | Ойындар | Алтын | Күміс | Қола |
|----------|---------|-------|-------|------|
| Барлығы  |         | 387   | 383   | 393  |

**Кесте-3. Азия құрлығы бойынша өткізілетін жарыстар туралы мәліметтер.**

| <u>Азия ойындары</u>  |  |
|---|--|
| <u>Азия ойындары</u>  | Нью-Дели-1951, <u>Манила-1954</u> , <u>Токио-1958</u> , <u>Джакарта-1962</u> , <u>Бангкок-1966</u> , <u>Бангкок-1970</u> , <u>Тегеран-1974</u> , <u>Бангкок-1978</u> , Нью-Дели-1982, <u>Сеул-1986</u> , <u>Пекин-1990</u> , <u>Хиросима-1994</u> , <u>Бангкок-1998</u> , <u>Пусан-2002</u> , <u>Доха-2006</u> , <u>Гуанчжоу-2010</u> , <u>Инчхон-2014</u> , <u>Джакарта-2018</u> , <u>Ханчжоу-2022</u> , <u>Нагойя-2026</u> . |
| Қысқы Азия ойындары   | Саппоро-1986, Саппоро-1990, Харбин-1996, Канвонда-1999, Аомори-2003, Чанчунь-2007, Алматы-Астана-2011, Саппоро-2017.   |
| <u>Жауынгерлік өнер және жабық ғимараттағы жарыстар бойынша Азия ойындары</u> | <u>Бангкок-2005</u> (ғим), <u>Макао-2007</u> (ғим), <u>Ханой-2009</u> (ғим), <u>Бангкок-2009</u> (БИ), <u>Доха-2011</u> , <u>Инчхон-2013</u> , <u>Ашхабад-2017</u> .   |
| <u>Азия жағалау ойындары</u>  | <u>Бали-2008</u> , <u>Маскат-2010</u> , <u>Хайян-2012</u> , <u>Пхукет-2014</u> , <u>Нячанг-2016</u> .  |
| <u>Жастар арасындағы Азия ойындары</u>  | <u>Сингапур-2009</u> , <u>Нанкин-2013</u> , <u>Хамбантога-2017</u> , <u>Сурабая-2021</u> .   |
| <u>Аймақтық ойындар</u>   | <u>Оңтүстік-Шығыс Азия ойындары</u> , <u>Шығыс Азия ойындары</u> , <u>Оңтүстік Азия ойындары</u> , <u>Орталық Азия ойындары</u> , <u>Батыс Азия ойындары</u> .   |

2011 жылдың 29 қарашада студенттік спорттың Халықаралық федерациясы (FISU) Алматыны 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиаданы қабылдаушы қала деп жариялады. Осыған байланысты «Алматы қаласындағы 2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиадаға дайындалу және өткізу жөніндегі дирекция» МҚ құрылды.

Дирекцияның мақсаты мен міндеті Қазақстан мен Алматының қысқы Универсиаданы сәтті өткізу бойынша міндеттемесін орындау болып табылады.

Дүниежүзілік 28-ші қысқы Универсиада Алматы қаласында 2017 жылы 29-шы қаңтар мен 8-ақпан аралығында өтті.

Универсиада жарыстары спорттың 12 түрін қамтыды. Олардың арасында тау шаңғысы, биатлон, шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, шаңғымен трамплиннен секіру, сноуборд, фристайл, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, конькимен жүгіру спорты, шайбалы хоккей (ерлер және әйелдер арасында) және керлинг ойындары бар.

«Табаған» (фристайл), «Алатау» (шаңғы, биатлон), «Сұңқар» (трамплин), «Шымбұлақ», Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайы, «Медеу» мұз айдыны (конькимен сырғанау), «Атлетика алаңы», «Халық-Арена» және «Алматы-Аренада» өткен 12 спорт түрінен 56 елдің 1600-ден астам спортшы

сарапқа салынған 85 медаль үшін бақ сынады. Қазақстан атынан 171 спортшы қатысты.

Қазақстан құрамасы Универсиаданы жоғары нәтижемен аяқтады. Ел қоржынында: 36 медаль - 11 алтын, 8 күміс, 17 қола. Қазақстан командалық есепте Ресейден кейінгі екінші орын иеленді.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанда шаңғы спортының қалыптасу және даму кезеңдері. Қазақстан спортшыларының халықаралық жарыстарға қатысуы. Қысқы Олимпиада ойындары, Әлем және Азия чемпионаттарындағы жетістіктері?

2. 2011 жылы Алматы мен Астана қаласында өткен қысқы Азия ойындарының Қазақстан қысқы спортының дамуына әсері?

3. 2017 жылы Алматыда өткен қысқы Дүниежүзілік Универсиаданың Қазақстан қысқы спортының дамуына әсері?

#### Әдебиеттер:

##### Негізгі әдебиеттер:

1. Бутин И.М. Лыжный спорт: Учебное пособие для студентов высших педагогических заведений / - М.: Академия, 2019. - 368 с.

2. Есіркепов Ж.М., Омаров Б.С., Құрманбаев Б.І. Шаңғы спортын үйрету әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Қызылорда, 2023. - 145 б.

3. Бутин И.М. Лыжный спорт / И.М. Бутин. - М.: Книга по Требованию, 2013. - 192 с.

3. Евстратов В.Д., Чукардин Е.Б., Сергеев И.Н. Лыжный спорт: Учебник для техникумов физической культуры и факультетов физического воспитания педвузов. М.: ФиС, 2009. - 215 с.

4. Ахметов Н.Ә. Шаңғы спорты: Оқу құралы. Дене шынықтыру және спорт мамандық студенттері үшін. - А., 2020. - 196 б.

6. Тау шаңғысы: оқыту әдістемесі: Оқу құралы / - М., 2019. - 208 б.

##### Қосымша әдебиеттер:

1. Камаев О.И. Теоретико-методические основы многолетней подготовки юных лыжников-гонщиков. - Харьков: «ХАГИФК», 1999. - 172 с.

2. Раменская Т.И. Лыжный спорт. Учебник / Т.И. Раменская, А.Г. Баталов. - М.: Физическая культура, 2005. - 320 с.

3. Раменская Т.М. Лыжный спорт. Учебное пособие / Т.М. Раменская, А.Г. Баталов. - Москва: СПб. [и др.]: Питер, 2005. - 224 с.

4. Чередова В. Лыжный спорт в школе / В. Чередова. - М.: Физкультура и спорт, 2000. - 164 с.

5. Шликенридер П. Лыжный спорт / Петер Шликенридер, Кристоф Элберн. - М.: Тулома, 2008. - 288 с.

6. Лыжный спорт / ред. В.Э. Нагорный. - М.: Физкультура и спорт, 2013. - 256 с.



7. Лыжный спорт и методика преподавания : курс лекций / сост. : Е.В. Михалёнок, И.Л. Александрович. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2017. - 73 с.

**Интернет ресурстары:**

1. <https://ansya.ru/health/lijniy-sport-uchebnik--t-i-ramenskaya-a-g-batalov-m-fizicheska/pg-1.html>
2. [http://obg-19.narod.ru/literatura/Lyzhnyy\\_sport\\_2005.pdf](http://obg-19.narod.ru/literatura/Lyzhnyy_sport_2005.pdf)
3. <http://www.newreferat.com/ref-32857-8.html>